



ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҢЫЗДЫ



Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады.

Президентке сот төрелігінің сапасын жақсарту үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндалды.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, аналитикалық блок айтарлықтай күшейтіліп, Жоғарғы Соттың жалпы нормативтік қаулыларының үшінші бөлігіне түзетулер енгізілді. Бұдан бөлек, тергеу кезінде азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейі жақсара түсті. Қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беруден бас тартатын жағдайлардың және алқабилердің қатысуымен сотта қаралатын істердің саны мен бітімгершілік келісіммен аяқталған азаматтық даулардың үлесі артты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына сот реформасының барысы туралы мәлімет берілді. Мысалы, депутаттық корпуспен бірлесе отырып, Президенттің тапсырмаларын жүзеге асыруға бағытталған заңнамалық түзетулер жөнінде бастама көтерілді. Атап айтқанда, заңды өрескел бұзғаны үшін тәртіптік іс қозғау институтын қайта қарау, сот төрелігінің сапасын тексеретін комиссия жұмысын жетілдіру, дербес кассациялық саты құру ұсынылады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев заң үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау ісінде сот жүйесі ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Мемлекет басшысы сот жүйесін одан әрі реформалау жұмыстарын жалғастыру маңызды деп санайды.

ҰЛТТЫҚ БАНККЕ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады.

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің былтыр және биылғы қантар-ақпан айларында жүргізген ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстандағы және әлемдегі экономикалық жағдайдың даму барысы, инфляцияның қарқыны мен оны тұрақтандыру шаралары жөнінде мәлімет берілді.

Атап айтқанда, Ұлттық банк төрағасы жылдық инфляцияның бәсеңдегенін және ішкі экономикада проинфляциялық факторлар сақталып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар БЖЗҚ активтері мен алтын-валюта резервтерінің жай-күйі, «Ұлттық қор – балаларға»

бағдарламасының жүзеге асырылу барысы жайында баяндалды.

Тимур Сүлейменов Мемлекет басшысының бұған дейін экономиканың нақты секторын қаржыландыру ісін кеңейту жөнінде берген тапсырмасының орындалу барысы, сондай-ақ Ұлттық төлем жүйесін дамытуға, ашық банкінг қағидаттарын енгізуге бағытталған жобалардың іске асырылуы туралы айтты. Бұдан бөлек, Президентке клиенттердің қаражатын алаяқтардан қорғау мақсатында антифрод-орталық құру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу және бюджет шығыстарының ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін цифрлық тенгенін әлеуетін пайдалану жайында мәлімет берілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк қызметінің негізгі бағыттарына катысты бірқатар міндет жүктеді.



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам қайраткері, ғалым Ғани Қалиевтің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

— Ғани Әлімұлы ауыл шаруашылығы саласының алға басуына бар күш-жігерін жұмсады. Парламент депутаты, «Ауыл» партиясының төрағасы ретінде еліміздің саяси-демократиялық дамуына атсалысып, отандық заңнаманы жетілдіруге зор үлес қосты. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, — деп жазылған жеделхатта.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы 15 наурыз күні Атырау қаласында өтеді.

4 ►►

ІСТІ ҰЙЫМНАН ІРГЕНІ АУЛАҚ САЛСА ИГІ...



Былтыр Жамбыл облысы Байзақ ауданында мектеп оқушыларының жаппай астан улануы жұрттың жағасын ұстатқан еді. Н.Киікбаев атындағы мектептің 44 оқушысы мен екі мұғалімі улану белгілерімен ауруханаға түсіп, бүкіл облыстың атқамінерлері аяғынан тік тұрған болатын.

ЖЕЛ, ЖЕЛ ЕСЕР, ЖЕЛ ЕСЕР



Еліміз жел энергетикасын дамытуда көшбасшы елдердің қатарына кіруді мақсат етіп отыр. Мемлекет басшысы 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінен (ЖЭК) өндірілетін қуат көлемін қазіргі 5%-дан 15%-ға жеткізуді тапсырды.

КӨРІСУДЕ КӨП МӘН БАР



14 наурызда «Көрісу» деп аталатын ерекше маңызға ие мейрам басталады. Алыс пен жақынды байланыстыратын бұл мереке, әсіресе еліміздің батыс өңірлерінде жақсы сақталған. Жалпы, Көрісу мерекесінің мәні неде, оны ата-бабаларымыздың әлімсақтан ұлықтауына не себеп – үңіліп көрелік.

8 ►►

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛМАҚ



Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар үш заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Олар – әкімшілік әділет саласын жетілдіру және кеңейту, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мен электр энергетикасы және табиғи монополиялар мәселелері бойынша заң жобалары.

3 ►►



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫЗ?

Еліміздегі сарапшылар қауымдастығының және мемлекеттік органдардың өкілдері заң шығару қызметіне жасанды интеллектіні енгізу мәселелерін талқылап, осы саладағы бірлескен жұмыстың бағыттарына назар аударды. Аталған жиын бүгін Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ахуалдық орталығында өтті.

Палата Спикері өз сөзінде реформалардың тиімділігі және оларды дұрыс іске асыру көбіне заңнаманың сапасына байланысты екенін атап өтті. Сондай-ақ ол жаңа формациядағы заңдар дайындауға ғылыми-сараптамалық қоғамдастықты жұмылдырудың және онтайлы заңнамалық шешімдер қабылдауға заманауи технологияларды қолданудың маңызы зор екенін айтты. Бұл ретте бүгінде түрлі салада айтулы нәтижелерге қол жеткізіп отырған жасанды интеллект тиімді тетік бола алады.

Сенат Төрағасының айтуынша, қазір елімізде бұл сала құқықтық тұрғыдан толық реттелмеген. «Парламент жыл сайын орта есеппен 100-ге жуық заң қабылдайды. Үкімет пен министрліктер соңғы он жылдың өзінде ғана 30 мыңнан астам нормативтік-құқықтық акт қабылдады. Бұл — ауқымды деректер жиынтығы деген сөз. Нормативтік-құқықтық актілерді жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып талдау қабылданатын заңнамалық шешімдердің сапасын айтарлықтай арттыратыны анық. Бізде заңдарды әзірлеу мен келісудің жекелеген кезеңдері әлі де қағаз жүзінде жүргізіледі, яғни процестердің бір бөлігі цифрландырылмаған. Сондықтан заң шығару қызметінде жасанды интеллектіні, жалпы цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін талдаудың маңызы зор», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы 2021 жылы ұлттық жасанды интеллект платформасының жұмыс істеуіне байланысты заңнамалық деңгейде базалық нормалар енгізілгенін тілге тиек етті. Атап айтқанда, Ақпараттандыру туралы заңда ұлттық жасанды интеллект платформасы операторының құзыреті айқындалған. Бұдан басқа,

министрлік Жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірлеп жатыр.

«Мемлекет басшысы заң шығару қызметін цифрландыруды тапсырғаны белгілі. Осыған байланысты Парламент палаталарында тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазірдің өзінде нақты нәтижелер бар. Цифрлық стратегияның жобасы әзірленді. «Е-Парламент» жобасы да іске асырыла бастады. Алдағы уақытта осы істе біз бірігіп әрекет етуіміз керек. Сенат жасанды интеллектіні дамыту үшін қажетті құқықтық орта қалыптастыруға жәрдемдесуге дайын. Осы бағыттағы тиісті жобалар бойынша бірлесіп жұмыс істейік», — деді Сенат Спикері.

Отырыс барысында Data-Management саласындағы цифрлық шешімдерді реинжинирингтеу, заң шығару үдерісінің қазіргі жай-күйі мен цифрландыру мәселелері, сондай-ақ заң шығару саласындағы стартаптардың жалпы трендтері де талқыланды.

Одан бөлек, іс-шарада Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, Цифрлық үкіметті қолдау орталығының төрағасы Рүстем Биғари, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның төрағасы Ростислав Коняшкин, Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков, Astana Hub-тың бас директоры Мағжан Мәдиев, Bizdin.ai компаниясының бас директоры, Айбек Нұртазаев, TAG Consulting-тің басқарушы серіктесі Валерий Горлачев, Парламентаризм институтының директоры Канатбек Сафинов және тағы басқа сарапшылар мен мемлекеттік органдардың өкілдері сөз сөйлеп, жасанды интеллект саласындағы жобаларын таныстырды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ТАБЫСТЫ ДАМУДА

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Швейцария конфедерациясының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті Елшісі Салман Балмен кездесті.



Кездесуді ашқан Ерлан Қошанов Елшінің былтырғы жылдың күзінде басталған Қазақстандағы дипломатиялық жұмысына табыс тіледі.

Мәжіліс Спикері Швейцария Қазақстанның Еуропадағы маңызды саяси-экономикалық серіктесі екенін және елімізге инвестиция салудан көшбасшылардың үштігіне кіретінін атап өтті.

— Елдеріміз арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнаған отыз жыл ішінде сенімді саяси диалог жолға қойылды. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық табысты дамып, мәдени-гуманитарлық байланыстар арта түсуде. Қазақстанның жаңа экономикалық бағыты шетелдермен іскерліктің кең мүмкіндіктерін ашады. Осыған байланысты біз Қазақстан нарығына швейцариялық серіктестерімізді шақырамыз, — деді Ерлан Қошанов.

Палата Спикері Елшіге Мемлекет басшысының саяси реформалары туралы айтып, соның нәтижесінде бүгінде Мәжілісте алты партия мен

бір мандатты округтен сайланған депутаттар бар екеніне назар аударды.

Елші Қазақстан мен Швейцарияның экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық білім беру саласындағы өзара іс-қимылының әлеуетін толығымен пайдалану керектігімен келісті. Оның айтуынша, парламентаралық ынтымақтастық біздің байланыстарымызды нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Осы тұрғыда тараптар Мәжілісте және Ұлттық Кеңесте құрылған парламенттік достық топтарын, сондай-ақ комитеттер мен саяси партиялардың фракцияларымен жұмыс істеуге уағдаласты.

Елші екі елдің депутаттары тығыз ынтымақтастықта жұмыс істей алатын бірқатар бағытты ұсынды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы, суды үнемдеу, логистика және білім беру салалары бар.

— Швейцария жоғары кәсіби техникалық қызметкерлерді даярлауға мүмкіндік беретін білім беру жүйесімен танымал. Біздің тәжірибеміз Қазақстанға пайдалы болар еді, — деді Салман Бал.

ТОҒАҢДАР ТОЗЫП БАРАДЫ

Көктемгі су тасқынына дайындық Партиялық бақылау комитетінің (ПБК) отырысында талқыланды. Отырыс барысында еліміздегі бөгендер мен өзге де нысандардың 70%-ының ескіріп кеткені айтылды.



«AMANAT» Хатшысы Ержан Жылқыбаев атап өткендей, қала және ауыл тұрғындарын су тасқынынан қорғау мен гидротехникалық құрылыстар жүйесінде тәртіп орнату — партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасындағы басты мақсаттың бірі.

«Тарбағатай ауданының тұрғындары «Кандысу» бөгеті апат алдында тұрғанын айтып, партияға бірнеше рет жүгінді. Су деңгейі күрт көтерілген жағдайда бөгет бұзылуы мүмкін. Су ресурстары және ирригация министрлігі облыс әкімдігімен бірлесіп жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және нысанды тез арада қайта құру жұмысын күшейтуі керек деп санаймын», — деді ол.

Бүгінде су тасқыны кезеңіне дайын болмай шыққан 151 елді мекеннің әкімдеріне ескерту жасалды. Жалпы, еліміздің 18 өңірінде орналасқан 217 елді мекенге осындай қауіп төніп тұр. Бас-аяғы 400 мыңнан астам адам тұрып жатқан 86 мың үйді су басуы мүмкін. Төтенше жағдайлар вице-министрі Ерлан Нұрпейісов су тасқыны бола калған жағдайда құтқарушылар мен техникалар жедел әрекет етуге әзір екенін айтты. Яғни, 39 мыңнан астам адам, шамамен 11 мың бірлік техника мен 18 бірлік әуе кемесі, 508 жүзу құралы және 3 мыңнан астам мотопомпа сакадай сай тұр. ПБК мүшелері барлық өңірдегі төтенше жағдай қызметтерін кадрмен және техникамен 100% қамтамасыз етудің маңызына назар аударды.



«Министрліктің қандай нормативі бар? Мәселен, барлық аймақта мотопомпалардың белгілі бір мөлшері болуға тиіс деген нақты сан болуы керек. Ондай құрылғылар бірде бар, бірде жоқ», — деді Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев.

Өз кезегінде, Ерлан Нұрпейісов су тасқыны қауіпі жоғары 11 өңірді атады. Олардың қатарында Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстары бар.

«Техника бірқатар өңірде жеткілікті мөлшерде сатып алынды. Бүгінде аймақтар 70-80%-ға жарактандырылған. Жабдық жоқ деп айта алмаймыз», — деді ол.

Ал Су ресурстары және ирригация вице-министрі Нұрлан Алдамжаров су тасқынына дайын-

дық деңгейін анықтау үшін гидротехникалық құрылыстарға (ГТК) көпфакторлы зерттеулер жүргізу қажет екенін мәлімдеді.

«Бүгінде 1502 тірек гидротехникалық құрылыстың 537-не жөндеу жүргізу қажет. Қазірде 160 ГТК-да көпфакторлы тексеру жүргізілді. Абай, Ұлытау, Жетісу, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері коммуналдық және жеке меншіктегі гидротехникалық құрылыстарда көпфакторлы тексеру жүргізген жоқ. Аталған әкімдіктерге шұғыл қаражат бөліп, осы тексеруді жүргізу керек», — деді ол.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляеваның айтуынша, су тасқыны жеке ГТК иелерінің кінәсінен

болған жағдайда қолданыстағы заңнама оларды жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Алайда осы уақытқа дейін мұндай жағдай бірде-бір рет тіркелген жоқ.

«Егер мемлекеттік органдар тарапынан тиісті әкімшілендіру жұмысы жүргізілмесе, онда бұл нормалар сол қалпы жұмыс істемей қала береді. Тағы бір маңызды мәселе — гидротехникалық құрылыстарды жөндеу. Жекеменшік нысандардың иелері бұған дайын емес әрі жөндеу жұмысына қаражат күймайды. Олар бұл қызметті әкімдіктерге ысырады немесе шартты жөндеу жұмысын ғана жүргізеді. Түптеп келгенде жеке гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмысы бюджетке жүктеледі, не болмаса сол қалпында қала береді», — деді ол.

Жиын соңында Комитет төрағасы Павел Казанцев тиісті су бұру арналары болмағандықтан және өзен арналарында уақытылы әрі сапалы тазарту жұмысы жүргізілмегендіктен, су тасқыны орын алатынын атап өтті.

«Мәселен, Жайық өзенінің кейбір тұсынан, әсіресе Каспий теңізіне құятын маңынан жүзу құралдарынсыз-ақ өтуге болады. Ал су тасқыны болған жағдайда ауылдарды су басып, мал шығынға, адамдар апатқа ұшырайды. Кейін ерлік пен жанкештіліктің арқасында көп адам құтқарылды деп жар саламыз. Алайда арнаны тазартып, төтенше жағдайдың алдын алған тиімді емес пе? Соған қарамастан көп ГТК-да тиісті техникалық төлқұжат жоқ. Бұл жағдай бөгеттердің жеке параметрлері мен су қоймаларының көлемін анықтау жұмысын қиындатады», — деді ол.

Жөндеу жұмысына тиісті мониторинг жүргізу үшін комитет мүшелері апатты және қандай да бір мәселе туындаған гидротехникалық құрылыстарда партиялық бақылау бекеттерін ашу жөнінде бастама көтерді.



ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛМАҚ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар үш заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Олар — әкімшілік әділет саласын жетілдіру және кеңейту, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мен электр энергетикасы және табиғи монополиялар мәселелері бойынша заң жобалары.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Жалпы отырыста алдымен әкімшілік әділет саласын жетілдіру және кеңейту мәселелері туралы заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Ол туралы Әділет министрі Азамат Ескараев баяндады. Министр жоба Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауындағы тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленгенін және үш негізгі бағытты камтитынын атап өтті.

«Біріншісі — жария-құқықтық даулардың жекелеген санаттарын Азаматтық процестік кодекстен әкімшілік әділет аясына көшіру. Екіншісі — Үкіметке мемлекеттік органдар және мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар арасындағы заңнамалық нормаларды түсіндіру жөніндегі дауларды шешу жөніндегі өкілеттіктерді бекіту. Сонымен қатар әкімшілік рәсімдер туралы заңнаманың жекелеген нормаларын одан әрі түзету, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу», — деді А.Ескараев.

Бұдан соң Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша заң жобасы бірінші оқылымнан өтті. Жұмыс тобының жетекшісі Абзал Құспан заң жобасы қоғамның жоғары конституциялық құндылықтарын қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтардан қорғауды күшейтетінін, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың өздерінің іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін тиімді іске асыруын қамтамасыз ететінін және пенитенциарлық жүйеде адам құқықтарының сақталуын арттыратынын атап өтті. Әділет министрінің айтуынша, түзетулер азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге, қылмыстық процестің бәсекелестігін нығайтуға, қылмыстық процесті оңтайландыруға және «бюрократиясыздандыруға» бағытталған.

«Занбұзушылықтар мен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толықтығын қамтамасыз ету үшін істі «нысықтауға» прокурорға қайтару мүмкіндігін болдырмау және кәсіпкерлік субъектілерін ревизиялау, тексеру ісін жүргізуді прокурормен міндетті түрде келісуді белгілеу ұсынылады. Адвокаттың рөлі, әсіресе сараптама жүргізу кезінде айтарлықтай күшейтіледі. Адвокат көшірмелерін алуға құқылы құжаттардың тізімі кеңейтіледі, адвокаттың тағайындалған сараптама бойынша қосымша және нақтылау сұрақтары дереу сарапшыға жіберіледі, адвокат сараптама объектілерімен таныса алатын болады», — деді А.Ескараев.

Министр түзетулердің тағы бір блогы қылмыстық істі электронды форматта қа-



рауға мүмкіндік беретінін айтты. Қашықтан жауап алу және беттестіру субъектілерінің ауқымы кеңейеді. Осылайша, жәбірленуші және куәмен қоса, қорғалуға құқығы бар куәмен күдіктіге қатысты бейнебайланыс режимінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, тергеу әрекеттерін жүргізуге болады.

Жалпы отырыста жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау, электр энергетикасы және табиғи монополиялар мәселелері бойынша заң жобасы да бірінші оқылымда мақұлданды. Оның мақсаты — халықтың, шағын және орта бизнестің жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы проблемалық мәселелерді шешу. Өз кезегінде, депутат Тұрғанов жаңартылатын энергия көздерінің шағын ауқымы объектілерінің ең жоғары қуаты 200 кВт-қа дейін ұлғайтылатынын жеткізді.

«Нетто-тұтынушы жеке тұлғалар дара кәсіпкер ретінде тіркелу міндетінен босатылады. Энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне нетто-тұтынушылардың еркін қол жеткізуді және қосылуын қамтамасыз ету міндеті бекітіледі. Нетто-тұтынушылар электр энергиясын беру қызметтеріне ақы төлеуден босатылады, бұл қосымша және негізсіз шығындардың болмауына мүмкіндік береді. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың нетто-тұтынушымен электр энергиясын сатып алу мен сатудың үлгілік шартын жасасу міндеті бекітілген», — деді Д.Тұрғанов.

Сонымен қатар депутат шағын ауқымды жаңартылатын энергия көздерінің объектісі өндірген электр энергиясының артық мөлшерін энергиямен жабдықтаушы ұйым шекті сату бағасы бойынша сатып алатынын айтты. Бұл норма артық электр энергиясын нетто-тұтынушыдан сатып алу бағасын айқындау жөніндегі даулы мәселелерді болғызбауға мүмкіндік береді.

Жалпы отырыс барысында Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратифи-

кациялау туралы заң жобасын жұмысқа алды.

Жиын соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 11 депутаттық сауал жолдады. «AMANAT» фракциясының мүшесі, депутат Жанарбек Әшімжан өзінің сауалында Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға материалдық емес рухани мұралар жайын жеткізді. Жалпы, материалдық емес мәдени мұра дегеніміз не? Бұл — әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық тәлім-тәрбие, теміршілік-ұсталық, садақшылық, құдық шегендеуші, құсбегілік, аншылық, ұлттық дағдылар, ән, күй, жыр, қисса, бата, жоқтау, сыңсу, жарапазан, жұмбақ, жаңылтпаш, ұлттық мейрамдар, қысқасы, ресми түрде қағазға түскен 87 элемент. Бір сөзбен айтқанда, материалдық емес құндылықтар — ұлттың имунитеті! Көзбен көруге, қолмен ұстауға келмейтін, бірақ жаныңмен сезінетін осы құндылықтар болмаса ұлттың жаны жалаңаштанады. Құндылықтан айырылған ұрпақ рухани азып, ұлттық сана әлсірейді. Бүгінгі біржыныстылық, педофилизм, зорлық-зомбылық, әке-шешені сыйламау, туыстық қатынастың үзілуі, отбасылық құндылықтардың әлсіреуі аспаннан түскен жоқ! Сол материалдық емес рухани мұралардан тамыр үзген ұрпақтың бойындағы кеселдер.

«Мемлекет Қасым-Жомарт Тоқаев басышы өткен жылғы Ұлттық құрылтайда: «Тамыры терең төл шежіреміз — халқымыздың мәдени коды. Оны жан-жақты зерттеп, сақтап, ой елегінен өткізуге, дәріптеуге қажетті жағдай жасауымыз керек. Бұл — мемлекеттің негізгі міндетінің бірі», — деп атап айтқан болатын. 2003 жылғы 17 қазанда Парижде жасалған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Конвенцияны Қазақстан 2011 жылы 1 маусымда № 613 қаулысымен ратификациялап, Үкіметтің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысымен, материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі Тұжырымдама қабылдаған. Алайда бұл Тұжырымдама қабылданған күйі қағаз бетінде қалды. Материалдық емес мәдени мұраны анықтау, құжаттау,

зерттеу, сақтау, жаңғырту, материалдық емес мұрамен айналысатын тұлғаларды қолдау секілді міндеттердің бірі де орындалған жоқ», — деді ол.

Осы ретте Париж Конвенциясына мүше елдерді мысалға келтіріп, олардың материалдық емес мәдени мұраға қатысты арнайы заң қабылдағанын тілге тиек еткен депутат бізде бұл жұмыстардың өз бетінше ізденіп, жаяу-жалпылық экспедиция жасап жүрген санаулы ғана жан-кештілердің арқасында жүзеге асып жатқанын жеткізді. «Осы орайда тиісті мемлекеттік орган жеделдетіп мына мәселелерді жүзеге асыруы тиіс. Олар — 2003 жылғы Конвенцияны толық іске асыру үшін тиісті уәкілетті орган жеделдетіп «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» заң жобасын әзірлеуі керек. Олардың элементтері мен сақтаушы мұрагерлердің аймақтық және республикалық тізімі жасалуы тиіс. Жинау, қорғау, зерттеумен айналысатын арнайы ғылыми-зерттеу институты немесе орталық ашу қажет. Материалдық емес мәдени мұраларды жинау, сақтау, зерттеу үшін өңірлерде кешенді этнографиялық-фольклорлық және музыкалық экспедициялар дәстүрлі түрде ұйымдастырылу керек. Жетекші арналарда осы тақырыпты насихаттауға арналған бағдарламалар ашылу қажет», — дейді мәжілісмен.

Ал Денсаулық сақтау министрі Акмарал Әлназароваға сауал жолдаған «AMANAT» партиясы фракциясының депутаты Ұласбек Сәдібеков бүгінгі күні Түркістан облысындағы ауруханалар мен емханалардың көпшілігі күрделі жөндеуді қажет ететінін айтты. Тіпті, кей елді мекендерге жанасын салу қажет. Себебі өңірде орналасқан әлеуметтік нысандардың басым бөлігі 1950-60 жылдары бой көтерген. Олардың арасында ағаштан тұрғызылғандары да бар. Сылағы мен сыры кетіп, қабырғалары құлаудың алдында тұр. Сондай-ақ көпшілігі Кеңес үкіметінен қалған материалдық техникалық базаны қолданып келеді. Депутат Созак, Бәйдібек, Түлкібас аудандарындағы ахуалды жеткізді.

«Мәселен, табиғаты қатал, қысы суық, жазы ыстық Созак ауданындағы орталық

аурухананың жылу жүйесі жаңартуды қажет етеді. Аурухана бөлмелері суық болуына байланысты наукастар электр пештерін қосуға мәжбүр. Оның өзі ауруханадағы электр кабельдерінің ескіруінен тоқты көп пайдаланғанды көтермейді, электр жүйесі мүлдем тозған. Орталық емхананың да жағдайы осыған ұқсас. Бірнеше жыл бұрын ғимараттың шатыры жаңартылып, қабырғалары қапталған. Ал ішкі есіктері, жылу жүйесі, едені ескі күйінде қалып қойды. Мұндағы рентген аппараттарының барлығы Кеңес дәуірінен бері жаңартылмаған. Қондырғылардың қосалқы бөлшектері табылмайды. Себебі мұндай аппараттар қазір өндірісте жоқ. Ал созақтықтар жоқтан бар жасап, қолдағы бар дүниемен жұмыс істеп жатыр. Алпыс мыңнан астам тұрғыны бар ауданда морг жоқ. Сондықтан қайтыс болған тұрғындарға патологиялық, анатомиялық зерттеулер жүргізу үшін облыс орталығына алып баруға мәжбүр. Аудандағы елді мекендердің арасы шалғай орналасқандықтан шұғыл дәрігерлік көмек керек наукастарды орталыққа жеткізу өте қиын. Аудан орталығынан есептегенде жақын елді мекен 25 шақырымда, ал ең алысы (Тайқоныр ауылы) 360 шақырым жерде орналасқан. Ауылдық округтерде және елді мекендердің кейбірінде дәрігерлік амбулатория мен аурухана, емхана мүлдем жоқ. Сол себепті балтыры сыздап, басы ауырған әрбір тұрғын 300-ден астам шақырым жол жүріп, аудан орталығына келуі қажет», — деді ол.

Ал «AMANAT» фракциясының депутаты Жарқынбек Амантайұлы Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға, Ішкі істер министрі Ержан Саденовке насыбайға қатысты сауал жолдады.

«Бұл депутаттық сауалда көтерілетін мәселе емес еді. Алайда 4-5 сынып оқушыларының еш кедергісіз насыбай атып жүргенін көріп, еріксіз дабыл қағуға мәжбүрміз. Занда шектеу қойылғанына қарамастан, бұл зиянды зат сауда орындарында, базарлар мен дүкендерде бала деп, жас деп қарамай, еркін сатылуда. Бағасы да қолжетімді, ал зияны шаш етекпен. Оның үстіне, бүгінде формасын өзгертіп, қадімгі қалташадағы шай секілді қораптап, шашалап, түрлендіріп ұсынуда. «Жевательный табак», «Снюс», «Шайба» деген атаулармен таралууда. Насыбай — не мәдениетке, не әдепке, не гигиенаға сай келмейтін жиіркенішті қалдықтардан жасалатын зат. Өкінішке қарай, бұрын оны тек үлкен адамдар ататын болса, қазіргі кезде мұнымен балғын жастар, тіпті болашақ ана болар қыздар да әуестенетін болған. Олардың саны жыл сайын артуда. Бұған қоса, ел үміт күтіп отырған спортшы жастар арасында да бұл кері әдеттің қалыпты жағдайға айналғанын қалай түсінуге болады?» — деді ол.

Оның айтуынша, насыбайдың құрамында қандай ұлы заттардың бар екені белгісіз. Әдетте, оның құрамында химиялық заттар, әк, сексеуіл, арша, тобылғы ағаштарының күлі болады. Уытын арттыру үшін тауықтың саңғыры, түйенің тезегі де қосылады екен. Насыбайды мұқият зерттеген мамандар бұдан бөлек, оған есірткі мен психотропты заттардың да қосылғанын анықтаған. Бұлардың тұтынған адамды тез тәуелділікке ұшырататыны сөзсіз. Тіпті, ол қатерлі ісікке, ұрпақсыздыққа апаратыны ғылыми дәлелденген. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты мамандарының айтуынша, насыбай тұтыну ауыз қуысының қатерлі ісігінің дамуына әкеледі екен. Олар соңғы кездері насыбайдың салдарынан қатерлі ісікке шалдыққандар арасында жастардың көбейіп кеткенін жеткізді. Сондықтан елді ұлап отырған бұл қатерлі дертті ауыздықтап, оның таралуына мүлдем тосқауыл қою қажет.

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

Қонаев қаласында «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалы бастауыш партия ұйымдары төрағаларының басқосуы өтті. Жиында қатысушылар тұрғындардың мәселесін шешудегі тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы жұмысты жандандыру жолдарын талқылады.

Бүгінде облыста 155 бастауыш партия ұйымының 55 мыңға жуық мүшесі бар. Партиялықтардың халықпен тығыз қарым-қатынас орнату міндеті өз нәтижесін беруде. Соңғы екі айдың қорытындысы бойынша, өңірде қоғамдық қабылдау бөлмелері 500-ден астам адамның өтінішін қарастырды.

«Бастауыш ұйымдар — партиямыздың негізгі қозғаушы күші. Бөріңізге мәлім, «AMANAT» партиясы бірқатар әлеуметтік жобаның бастамашысы. Біздің «Болашақ» бастауыш ұйымымыз «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Бақытты отбасы» және басқа да жобаларды іске асыру барысында ерекше белсенділік танытып жатыр. Мақтанышпен айтар ізгі іс көп», — деді партия филиалының төрағасы Қуат Байғоджаев.

Мәселен, екі айда «Қарыссыз қоғам» жобасы аясында облыстың 600-ге жуық тұрғыны қаржылық сауаттылығын арттырды. Ал былтырғы жылдан бері «Ауыл

аманаты» жобасы бойынша ауыл тұрғындарына 4,6 млрд теңгеден аса сомада 622 шағын несие берілді. «Жер аманаты» жобасы аясында жекеле заңсыз өткен 236 мыңнан гектардан аса жер мемлекетке қайтарылды. Сонымен қатар «Kitan-AMANAT» орталығында 100-ге жуық кітап сатылды.

Іле аудандық филиалының «Байсерке» бастауыш партия ұйымының төрағасы Сұлтан Жарқынбеков партиялық жобаларды іске асыру аясындағы тәжірибесімен бөлісті.

«Партия мүшелері жергілікті басқару органдарымен бірлесе отырып, халықтан түскен өтініштер бойынша Қоянқұс, Ынтымақ, Жанадөуір, Жанаталап, Байсерке ауылдарында 42 көшенің жолын жасауға атсалысты. «Баланы мектепке дайындайық» акциясы аясында көп-балалы және әлеуметтік аз қамтылған 55 отбасының 210 баласына киім-кешек пен оқу құралдары табысталды. Жер мәселе шешімін тауып жатыр», — деді Сұлтан Жарқынбеков.

Сондай-ақ форумда «AMANAT»-тың қатары жана мүшелермен толықты. Оларға партия билеті табысталды. Жыл қорытындысы бойынша үздік деп танылған 16 партия ұйымының төрағалары марапатталды.

Б.ҚАБАЙ





БЕЛСЕНДІ ДИАЛОГ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Ұлттық құрылтайдың негізгі миссиясы – ұлтты, халықты ұйыстыру, яғни билік пен халықты барынша жақындату, халықтың елдік мәселелерді көтеріп мемлекеттік іске, «бір мақсат, бір мүдде» жолындағы жұмыстарға белсенді түрде араласуы, Мемлекет басшысының бастамаларын, Ұлттық құрылтай алаңында айтылып жатқан ұсыныс, жұмыстарды ойдағыдай іске асыруға атсалысуы.



Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин осы алаңда көтерілген бірқатар бастама нақты жүзеге асып жатқанын айтты. Шынында да Ұлттық құрылтай белсенді диалог алаңына айналып келе жатыр. Ұлытауда өткен алғашқы отырысында жалпы саны 40-тан астам бастама айтылса, былтыр Түркістанда өткен жиын барысында 120 осындай әртүрлі ұсыныс келіп түскен болатын. Ұлттық құрылтайдың форматы жай жиын өткізу емес, нақты мәселелер мен ұсыныстарды қызу талқылаудың, пікірталастың жұмыс алаңы ретінде қалыптасып келе жатқандығы қуантады. Бастысы айтылған ұтымды ұсыныс, өткір мәселе, өзекті тақырыптар сөз жүзінде қалмай, нақты іс, қабылданған шешімге айналып жатқанына жұртшылық куә.

Мәселен, Ұлттық құрылтайдың мінберінде синтетикалық есірткімен күрес жөнінде айтылып, былтыр 88 баптан тұратын кешенді жоспар қабылданды. Еліміздің шығыс өңіріндегі шекаралық аудандарда қайтадан қаншама жаңа ау-

зақстанда өтеді. Бұл шара ұлттық спорт түрлерін дамытуға ықпал етеді. Біз бұл халықаралық жарыстарды жоғары деңгейде өткізуге тиіспіз», – деді Мемлекет басшысы.

Осылайша, Мемлекет басшысының бастамасымен биыл жазда V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны Қазақстанда өтеді.

Жалпыұлттық құрылтайға еліміздің барлық өңірінен 117 қатысушы кіреді. Ұлттық Құрылтайдың маңызды міндеттерінің бірі – әлеуметтік консолидацияны одан әрі дамыту үшін идеялар мен қадамдарды әзірлеу. Арнайы «Құрылтай» мобильді қосымшасы жасалды. Ол елдің жаңғыруы туралы өз пікірін онлайн түрде білдіруге ықпал етеді, 9 онлайн-платформада («Құрылтай» мобильді қосымшасы) қазақстандықтар Ұлттық құрылтай хатшылығына өз ұсыныстарын жібере алады.

Парламент қабырғасында азаматтар мен мемлекеттің өзара іс-қимылының жаңа сапалық қағидаттарын қалыптастыратын «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасы қабылданды. Заң жобасы қоғам өкілдерімен (заңгерлер, құқық қорғаушылар, қоғам қайраткерлері) бірлесіп әзірленді. Заң жобасында қоғамдық бақылау нысандарының сан алуандығы, адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтау, жариялылық, қоғамдық бақылаудың заңдылығы сияқты бірқатар маңызды қағидат бекітілген.

Құрылтай жалпыұлттық диалогтің әмбебап моделіне айналды. Құрылтай құрамына депутаттар, ассамблея мүшелері, сарапшы мен құқық қорғаушы, барлық өңірдің, сондай-ақ азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестердің, Үкі-



дан ашылып, инфрақұрылымдық жұмыстар жүргізіле бастады. Бұл да Ұлттық құрылтайдың мінберінде айтылған маңызды бастама. Ұлттық құрылтайда заң мен құқықтық тәртіп мәселесі үздіксіз көтеріліп жүр. Соның нақты нәтижесінде, қазір тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес, балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау, есірткі саудасының жолын кесу және вейпперді сатуға тыйым салу туралы заң жобасы қолға алынды.

Барлық ұсыныс Ұлттық құрылтай хатшылығы тарапынан жинақталып, мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, уақытылы пысықталып жатыр. Жұмыс кеңестерінде қуырлы министрлік бастылығы әр мәселе бойынша нақты статистиканы көрсетіп, есеп беру тәртібі қалыптаса бастады.

Түркістандағы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің тағы бір айрықша белгісі – көшпелілер өркениетінің мұрасына тоқталды.

«Бұл біздің халқымыздың бүкіл әлемге танымал басты брендтерінің бірі. Мемлекет бастамасы бойынша V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 2024 жылы Қа-

меттік емес ұйымдардың, бизнес-қауымдастықтардың және өндіріс саласының өкілдері кіреді. Ұлттық құрылтайдың жұмысы қоғамдық негізде атқарылатынын атап өту керек. Сонымен қатар Құрылтай мүшелерін ротациялау принципі қарастырылған. Бұл алдағы уақытта кезең-кезеңімен басқа да қоғам белсенділерін Ұлттық құрылтай жұмысына араласуға мүмкіндік береді.

Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы осы аптада ежелгі Сарайшық қаласының мекені – Атырау облысында өткелі отыр. Аталған диалог алаңы барлық қоғамдық кеңестің түйіні іспетті. Сонымен қатар Ұлттық құрылтайға Парламент депутаттары, саяси партиялардың, бизнестің ірі салалық бірлестіктерінің, медицина, білім, ғылым, мәдениет, спорт, адам құқықтарын қорғау және басқа да әлеуметтік топтардың өкілдері мүше болды. Сондай-ақ жастардың көшбасшылары мен белсенді жас азаматтар да шақырылды.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Парламент Сенатының депутаты,
Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары



Максим РОЖИН, Мәжіліс депутаты:

ҚҰРЫЛТАЙ ҰЛТТЫ САПАЛЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАСТАЙДЫ

15 наурызда Атырауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтеді. Бүгінгі мұнайлы, өндірісті өлке, кешегі көне тарихымызда айрықша орны бар аймақта өтетін ұлы жиында қандай мәселе қозғалады деп құлағын түрген жан көп. Осы орайда, Парламент Мәжілісінің депутаты, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Максим Рожиннің пікірін білген едік.

– Максим Николайұлы, Ұлттық құрылтай отырысы осымен үшінші рет өткізілгені отыр. Атырауда өтетін Құрылтай қандай тақырыптарды басшылыққа алады?

– Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз ғой. Елге маңыз-

дай негізгі бастамаларды атап айтар едіміз?

– Бұл ретте, мен бірінші кезекте Құрылтайдың еліміз үшін қиын сәттерінде жиналып, қоғам мен билік арасында сапалы пікір алмасу аса қажет кезде құрылғанын айтқым келеді. Бұл елде сапалы өзгерістерді жасау үшін, реформаны жүргізу үшін меніңше аса қажет әрі маңызды қадам болды. Құрылтай да өзінің алдында жұмыс істеген Ұлттық сенім кеңесі секілді елге маңызды мәселелерді шешуге жол ашатын, сол жолды іздейтін құрал ретінде өзін ақтап жатыр деп есептеймін. Нақтырақ айтқанда, еліміздің руханиятына байланысты, мәдениетіне, кино өндірісіне, бұқаралық ақпарат құралдарының алдағы бағыттарына, өзгеше өзгерістер енгізуі тұрасындағы ұсыныстар іске асып жатыр. Бірінші мысал, Ұлытауда өткен жиында қазақ ғылымының мәселесі көтерілді. Сол жерде сөз сөйлеген сарапшылар, соның ішінде Асқар Жұмәділдаев ғылымды дамытпасақ болмайды деді. Сол аралықта, міне, келесі Құрылтайға дейін Президент сол жерде айтқан ұсыныстар бойынша нақты шешімдер шығарды. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы құрылды. Сол сияқты Президент жанынан ғылым және технологиялық саясатты дамыту кеңесі құрылды. Ол кеңесте Қазақстан ғылымын қалай көтереміз деген мәселе көтерілді. Кеше ғана Парламент Мәжілісінде ғылымға бөлінетін қаражат мәселесіне қатысты, ғалымдардың статусына қатысты «AMANAT» фракциясының депутаттарының ұйытқисымен бірінші оқылымда ғылым мәселелері бойынша заң жобасын қаралды. Екінші мысал, ол нашакорлық, синтетикалық есірткі мен вейп мәселесі. Жастар арасында дендеп таралып жатқаны туралы өткен Құрылтайда әріптесім, Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов көтерген болатын, Президент осы ойға айрықша тоқталып, шынымен де өскелең ұрпақтың денсаулығына әсер ететін зиянды, қауіпті заттармен күресті күшейту керегін айтты. Жакында ғана нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Заң жобасын әзірленіп, вейпперді әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салу туралы заң жобасын Парламент Мәжілісінің қабылдады. Бұл нақты мысалдар және осындай мысалды тізіп айта берсек өте көп.

– Әдетте, Құрылтайдың бірінші күн-гі жиыны бірнеше секция бойынша өтеді. Осы уақытқа дейін қандай өзекті мәселелер қамтылды?

– Енді өткен жолғы Құрылтайларда біз төрт топта, яғни секцияда жұмыс істедік. Ол қандай топтар десеніздер – ол «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Білім және ғылым»,

сондай-ақ «Әлеуметтік-экономикалық даму» секциялары. Секциялар жұмысы барысында мемлекеттік органдар Ұлттық құрылтай мүшелерінің бұрынғы ұсыныстары туралы пікірлерін білдірді. Сондай-ақ қоғамның бірлігіне, тәртіп пен заңдылықтың сақталуына, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған жаңа ұсыныстар талқыланды. Ұлттық құндылықтар аясында мәселелер көтерілді. Олардың ішінде, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, балалар мен әйелдердің құқықтарын қорғау мәселелері де бар.

– Арнайы «Құрылтай» мобильді қосымшасы іске қосылғанын білеміз. Жұртшылықтан қандай ұсыныс, пікірлер жиі келеді?

– «Құрылтай» мобильді қосымшасының істеп жатқанына бір жылдан асқан сияқты, өзім оның қолданушысы ретінде ғана пікір білдіре аламын. Жалпы, онда түскен ұсыныстар Құрылтай хатшылығының назарында, оған сараптама жүргізіп, онда түскен ұсыныстар елдің талқысына салынады. Ал сол ұсыныстардың ішінде көп дауыс жинағандары секцияда да, Құрылтайда да талқыға салынады. Мендегі бар ақпарат осы.

– Ұлттық Құрылтайға мүшелері де жиі алмастырылып отырады. Биыл да мүшелікке жаңадан адамдар қабылданды. Оған кімдер қабылдана алады?

– Құрылтайға елдің бірлігін нығайтуға өз үлесін қосып жатқан азаматтар келеді, осы уақытқа дейін өзінің белсенділігімен, азаматтық көзқарасымен, және ең бастысы қоғамды біріктіруге күш салып, рационалды ұсыныстар жасап жүрген елдің азаматтары келді. Иә, әлбетте өзгеріс те болу керек, ол орынды, сол үшін қатарымызға жаңа адамдар да келетіні рас. Бұл өмірдің де заңдылығы ғой.

– Азаматтық қоғамды дамыту және этносаралық бірлікті нығайтуда құрылтайдың маңызы қандай?

– Ең бастысы, Құрылтайға ниеттес, ұлттық құндылықтары ортақ, мүдделері бір, ниеттері адал азаматтар жиналғанын білемін. Қазақ ұлтына қызмет ете-мін деп, еңбек еткен тұлғалар, әлбетте қайда жүрсе де бірлік пен дамуға қызмет еткісі келеді. Ал нағыз мемлекетшіл азаматтар әрдайым демократия дәстүрі жетілген, мықты азаматтық қоғам құра алады. Соңғы үш жылда бұл салада біраз нәтиже жоқ емес. Және осы жолда атқаратын басты мақсатымыз – жаңа идеялар мен жасампаз қадамдар арқылы ұлт бірлігін нығайту. Осы бағытта Құрылтайдың атқарып жатқан ролі үлкен. Егер осында жиналған белсенділер ұлттың жаңа сапасын қалыптастыра алсақ, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастырсақ, сапалы қызмет жасалдық деп айта аламыз.

Ұлттық Құрылтайдың алдағы отырыстарында сапалы ұсыныстар, мардымды диалог болса екен деймін. Елдің назарында жүрген мәселелер ашық айтылса, соған нақты шешімді таба алсақ, миссиямызды орындай аламыз деп есептеймін.

– Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ұлағат БЕКБОЛАТ

ЖЕЛ, ЖЕЛ ЕСЕР, ЖЕЛ ЕСЕР

Еліміз жел энергетикасын дамытуда көшбасшы елдердің қатарына кіруді мақсат етіп отыр. Мемлекет басшысы 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінен (ЖЭК) өндірілетін қуат көлемін қазіргі 5%-дан 15%-ға жеткізуді тапсырды. Оған қажетті заң жобасы Мәжілістің кешегі отырысында мақұлданды.

Мәжіліс депутаттары жалпы отырыста «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау, электр энергетикасы және табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасының бірінші оқылымында қосымша баяндама жасаған депутат Бауыржан Смағұловтың сөзіне сүйенсек, аталған құжат жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі шағын ауқымды объектілерді дамытуды қолдауға бағытталған. Яғни, бұдан былай халықтың, шағын және орта бизнестің ЖЭК пайдалануда кездесетін кедергілер жойылады. «Біріншіден, ЖЭК-тің шағын көлемді нысандары деген ұғымға жол ашылды. Енді жеке тұлғалар, бизнес, сондай-ақ шаруа және фермерлік шаруашылықтар «жасыл» технологияларды кенінен қолдана алады», — деді Б.Смағұлов.

Заңнама ЖЭК пайдалану бойынша шағын ауқымды объектінің белгіленген қуатын 100-ден 200 киловаттқа дейін ұлғайтуға, нетто-тұтынушыларды электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді төлеуден босатуға бағытталған. Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов нетто-тұтынушы жеке тұлғалар дара кәсіпкер ретінде тіркелу міндетінен босатылатынын айтады. «Бұл толықтыру аза-

маттардың жаңартылатын энергия көздерінің шағын ауқымдағы объектілерін пайдалану процесіндегі бюрократияны айтарлықтай азайтады. Норма энергия беруші ұйымдар тарапынан болатын қарсы іс-қимылдан нетто-тұтынушылардың мүдделерін құқықтық қорғау тәсілдерін кеңейтуге бағытталған. Бұдан бөлек, нетто-тұтынушылар электр энергиясын беру қызметтеріне ақы төлеуден босатылады, бұл қосымша және негізсіз шығындардың болмауына мүмкіндік береді», — деді ол.

Әлем елдері электр қуатын баламалы көздерден, жаңартылатын энергиядан алуға жаппай көшіп жатыр. Бұл тұрғыда жер көлемі жөнінен 9 орын алатын Қазақстанның мүмкіндігі мен әлеуеті зор. Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев таяуда өткен алқа отырысында республикада жел генерациясын дамыту бойынша әлемде көшбасшы позицияларды иеленудің барлық мүмкіндігі барын мәлімдеді. Елімізде жылдамдығы 5 м/с-тан асатын жел дәліздерінің болуы жел энергетикалық стансаларын (ЖЭС) салу үшін қолайлы. Министр сондай-ақ республикадағы желдің энергетикалық әлеуеті жылына кемінде 920 млрд киловатт-сағат деп бағаланып отырғанын айтты. Қазақ жеріндегі желдің қуаты жылдық орташа қуаты секундына 7 метр-



ден жоғары. Бұл ретте Каспий өңірі, оңтүстік өңір, сондай-ақ елдің оңтүстік-шығысында орналасқан Шелек дәлізі мен Жоңғар қақпасы жел энергиясының ең жоғары әлеуетіне ие.

Дегенмен 920 млрд кВт-с энергияны бірден тұтас игеру мүмкін де емес. Себебі желдің өзі тегін сокканымен, оның энергетикалық жүйесі тегін емес. Екпіні бірде күшейіп, бірде баялап тұратындықтан, одан алынатын қуат тұрақты емес. Жел генераторларын орнату, турбиналарын қондыру құны, жинақталған энергияны тұтынушыға жеткізу біраз қаржы салуды талап етеді. Осыған орай, жоғарыда қарастырылып жатқан заң жобасы бірқатар жеңілдікке жол ашары сөзсіз.

Бүгінде елімізде 222 электр қуатын өндіретін станса жұмыс істеп тұр. Оның ішінде жалпы қуаты 2,8 ГВт (гигаватт) болатын 146 жаңартылатын энергия нысаны бар. Энергетика министрлігінің дерегінеше, Жел электр стансалары 1,4 ГВт энергия өндірсе, Күн электр стансалары — 1,2 ГВт, Биогаз стансалары 1,2 МВт қуат

шығарады. Жаңартылатын энергия тұрақты өсу үстінде. 2014 жылдан бастап оның белгіленген қуаты 16 еседен жоғары артқан (2014 жылғы 178 МВт-тан 2023 жылы 2868 МВт-қа дейін). Энергияны баламалы көздерден өндірудің тиімділігіне Еуропа елдері ертеден қол жеткізуде. Мысалы, Германия мен Испания үкіметі 2000 жылдардың басында жел энергетикасы өндірісіне жеңілдіктер ұсынып, ынталандыра бастады. 2005 жылы аталған екі мемлекет тұтас Еуропадағы жел энергетикасы қуатының 70 пайызын өндірді. Ал Шотландияда 2017 жылы әлемде алғашқы болып ашық теңіздегі жел қондырғысын іске қосты. Құны 213 млн еуроға бағаланған жобада жаңа технология арқылы жел генераторы теңізге шығарылды. Ашық теңізде желдің бағытына икемделіп қозғала алатын мүмкіндігіне орай, электр қуатын да тиімді өндіре алады. Бес турбина 20 мың тұрғын үйдің қажеттілігін қамтамасыз ететін мүмкіндікке ие. 2023 жылы үш бірдей шағын атом электр стансасының жұмысын

тоқтатқан Германия үкіметі электр энергиясын жел мен күннен алуға ден қоя кіріскенін мәлімдеді. Жаңартылатын энергия көздеріне негізгі басымдық берген немістер былтыр рекордтық көрсеткішке жетіп, 113,5 млрд кВт-с қуат өндірді. Жалпы, ЕО елдері 2034 жылға дейін желден алатын қуаттың жиынтығының 140 гигаватт-қа жеткізуді жоспарлап отыр. Соңғы жылдары жел энергетикасы жабдығын өндіруде Қытай алдыңғы қатарға шықты. Шығыстағы көршіміздің негізгі артықшылығы жел генераторларын өндіретін компанияларға ауқымды мемлекеттік қолдау жасалады. Екіншіден, өндірістік базасының шығыны аздығымен ерекшеленеді. Былтыр Қытай әлемдегі ең ірі жел генераторын іске қосты. Қуаты 16 МВт-тық қондырғының биіктігі 260 метр. Аталған генератор 36 мың жеке тұрғын үйді жабдықтауға жетеді деп күтілген. Қазақстанның алдында ЖЭК өндірісін желді дамыту міндеті күн тәртібінде тұр. Өйткені қуат көзіне деген қажеттілік жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, былтыр ел бойынша электр энергиясын тұтыну 115 млрд кВт-с көлеміне жеткен. Сәйкесінше, ішкі өндіріс 112,8 млрд кВт-с болды. Жетпеген 3,4 млрд кВт-с қуатты көрші мемлекеттерден импорттауға мәжбүр болдық. Жауапты министрлік есебінде 2024 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша қолда бар қуаттың жалпы көлемі 20,4 ГВт-ты құраған. Ішкі нарықтағы сұраныстың деңгейіне байланысты қажеттілік 2030 жылға қарай 28,2 ГВт-қа жетеді деп күтілуде. Демек, алдағы алты жыл қуат көзіне деген тапшылықты туындатуы өлден мүмкін.

Сол себепті Үкімет елдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті арттыру мақсатында Электр энергетикасы саласын дамытудың 2035 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарын қабылдады. Оған сәйкес қолданыстағы жобаларды жаңғыртудың бірқатар жобасы іске асырылмақ.

Бауыржан БАЗАР

Жыл сайын мазалайтын көктемгі су тасқыны биыл да еліміздің талай аймағына үлкен қауіп төндіріп тұр. Бірқатар елді мекен қазірдің өзінде қарғын судан өткел таппай қалғаны да рас. Қазынадан қауіптің алдын алу мақсатында ондаған миллиард бөлінгенімен, қомақты қаражат қажетті мақсатта пайдаланылмай жатыр ма деген қауіп басым. Тіпті, сол қаржының басым бөлігі бөгендерді мықтау үшін емес, шен-шекпенділердің мұртын майлау үшін жұмсалып жатқандай көрінеді. Оған жыл сайын тасқынның үйлерді шайып, жолдарды су басып, ауылдардың айлар бойы сыртқы әлеммен байланыссыз қалып жататыны айқын дәлел. Күн күрт жылынса, биыл тағы да «сақадай саймыз» деп жоғарыға есеп берген жергілікті әкім-қаралар мен құзырлы органдардың сөзі желге ұшар ма екен деген ой келеді...

Биылғы көктем жылда су тасқынынан зәреzap болған халықтың тіпті үрейін ұшырып тұр. Өйткені күз бойы тоқтамастан сібірлей жауған жаңбырдан кейін топырақ тоң болып қатып қалған. Мамандардың сөзінше, қатып қалған топырақтың қалыңдығы бір метрге жетіп жығылған. Оның үстіне, қараша мен желтоқсан айларында қар үстіне жаңбыр жауып, тұтас дала аппақ мұзға айналған. Қыстың соңғы айлары қар көлемі жылдағы мөлшерден бірнеше есеге мол түсіп, онсыз да малы жұтқа ұшыраған жұрттың жағдайын одан сайын қиындатты. Теріскей мен Шығыс Қазақстан облыстарында омбы қар аттылы адамның бойынан асып кеткен. Боран сайын жолдары жабылып, апталап, тіпті айлап қарға адым шыға алмай қалатын жұртқа енді тасқын судын қауіп болды.

Әсіресе, Ақмола облысындағы жағдай аса өткір. Табиғаттың тосын мінезімен қатар жергілікті атқарушы әкімдіктер мен құзырлы органдар су тасқынына әзірлікті тым сыртбар жүргізген болып шықты. Өңірдегі тасқын суға әзірліктің аса мәз болмай тұрғаны облыс әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен өткен жиын кезінде мәлім болды. Алдағы су тасқынына өңірдің 14 елді мекенінің, атап айтқанда, Аршалы ауданында Ақбұлақ, Анаркөл, Жалтыркөл,

СУ ТАСҚЫНЫНА ӘЗІРЛІК СЫЛБЫР



№42 разъезд, Бурабай ауданында Веденовка, Атамекен, Ұрымқай, Қатаркөл, Кенесары, Златополье, Қызылағаш, Ерейментау ауданында Олжабай батыр ауылдары тасқын суға мүлдем дайындықсыз екені айтылып, сын садағына алынды.

— Менің аудандарға барған жұмыс сапарларымның барысында елді мекендерден, әсіресе елорда маңындағы елді мекендерден қар шығару жұмыстарының тым нашар жүргізілгені байқалды. Мәселен, 2021 жылы қардың уақытында шығарылмауы салдарынан ғана Қоянды ауылында 5 тұрғын үйді су басып қалған еді. Сондықтан мұндай фактілерге жол бермес үшін аудандар мен қалалардың әкімдіктері қарды жолдың жиектеріне жинамай, елді мекеннен шығару жұмыстарын күшейту қажет, — деді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Аймақтағы су тасқыны кезіндегі басты қауіп ондаған жыл бойы ешбір жөндеу көрмей тозып, апаттық жағдайға жеткен гидротехникалық құрылымдар болып шықты. Облыс әкімдігінің дерегінеше, өңірдің іс жүзінде барлық ауданындағы гидротехникалық құрылымдардың тозығы жеткен. Әсіресе, Бұланды, Бурабай, Аршалы, Астрахан, Сандықтау, Атбасар, Шортанды, Есіл, Жаксы, Жарқайың және Қорғалжын аудандарындағы бөгендердің жағдайы аса мүшкіл. Мәселен, Бурабай ауданында бөгеннің жағдайы аса қауіпті болуы салдарынан 1 116 адам тұратын 7 бірдей елді мекенге су астында қалу қаупі төнген.

Жалпы, облыс аумағында апаттық жағдайдағы және қанағаттанарлықсыз күйде жатқан гидротехникалық құрылыстардың бұзылуы себепті 8 ауданда 2 мыңнан астам адам тұрып жатқан 24 елді мекен су басу қаупі бар аймақтар қатарына кірген. Атап айтқанда, Аршалы ауданында «Батпақөл», Астрахан ауданында «Қызыл жұлдыз», Бұланды ауданында «Иванков», Бурабай ауданында «Веденовка», «Кенесары», «Щучинск саяжайлары», «Фроловская», Есіл ауданында «Соленая балка», «Чапаевская-2», Сандықтау ауданында «Максимовская», Шортанды ауданында «Дамса» және «Негізгі» гидротехникалық бөгендердің бұзылуы маңындағы елді мекендерге тұтастай су басу қаупін төндірген.

Гидротехникалық бөгендер су тасқыны кезінде қауіптің алдын алумен қатар су көзін жинақтау үшін де пайдаланылу қажет болғанымен, тозығы жеткен құрылымдарда қажетті су ресурсын жинауға назар да аударылмапты. Синоптиктердің берген мәліметінше, алдағы жазда ауа температурасы тағы 40° дейін ыстық болмақ. Яғни, су қоймалары мен бөгендерде Ылғал қоры жиналмаса, өзен-көлдеріміз құрғап, тамшы суға зар болып қалуымыз өлден мүмкін. Бұл өз кезегінде өңірдің ауыл шаруашылығына, жалпы экономикасына да кері ықпалын тигізбек. Ақпан айында өткен Үкіметтің кеңейтілген жиынында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су жинау технологияларын енгізудің маңызын атап өткен. Жиын барысында облыс әкімі құзырлы органдардың

су ресурстарын жинақтауға баса назар аудару қажетін қадап тапсырды.

— Гидротехникалық құрылымдардың тек су тасқыны апатымен күреске емес, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында су жинау үшін де қызмет ететінін естен шығармауымыз керек. Табиғи ресурстар басқармасы өкілетті орган ретінде аудан әкімдерімен бірлесіп, гидротехникалық құрылымдарды қолдану мәселесін қайта қарастыруы қажет. Ауыл шаруашылығы басқармасы мүдделі орган ретінде ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін су жинау және сақтау процесіне қатысуға тиіс. Екі басқармадан су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту бойынша ұсыныстарын енгізуі керек, — деді облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Жалпы облыс аумағында 90 гидротехникалық құрылымдар болғанымен, олардың бірқатары өзінің функциясын ондаған жылдан бері орындауға қауқарсыз болып шықты. Мәселен, тек Қорғалжын ауданының өзінде 5 гидротехникалық құрылымды мүлде есептен шығаруға болады. Тіпті, аталған құрылымдардың маңында су көздері де болмай шықты. Бұзылған айдаладағы инфрақұрылымдар



елді мекендерден алыс жатқандықтан, су тасқыны кезінде қауіп төндірмейді. Жиында Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына аудан әкімдіктерімен бірлесіп, гидротехникалық құрылымдарды түгендеу, су ресурстарын реттеуге ықпал етпейтін арнаулы мақсатқа пайдаланылмайтын құрылымдарды тізімде ұстау тиімділігін зерттеу жүктелді.

Төтенше жағдайлар қызметі жүргізген талдауға сенсек, өңірде су тасқыны кезінде 25 өзен 11 мыңнан астам адам тұратын 95 елді мекенге қауіп төндіріп тұр. Әсіресе, Жабай, Нұра және Есіл өзен-

Жиын барысында аудан әкімдіктері мен құзырлы органдарға су тасқыны кезінде қауіпсіз өткізу үшін барлық қажетті шараны уақытында орындау тапсырылды. Алайда дер кезінде әрекет етпеген органдардың сылбыр қимылы мен салдыр-салақ есебінің салдары іс жүзінде қауіптің алдын алуға мүмкіндік бере ме? Түйткілді мәселелердің шешімін табу үшін алдымен оның алдын алуға назар аударылғаны жөн болмас па еді...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Бірде белгілі жазушы Несіпбек Дәутайұлымен әңгіме барысында өзі сүйіп оқитын кітаптарынан біреуін оқуға рұқсат сұрадық. Сонда ағамыз ойланбастан «Тау мен дала» кітабын ұсынды. Авторы – Жұмабай Шаштайұлы. Қарымды қалам қуатымен жазылған шығармалар бірінен соң бірі өз иіріміне тарта берді. Бір деммен оқып шықтық. Кейіпкерлердің психологиясын шеберлікпен ашуы, оқиға шиеленісін ғажап суреттеуі, табиғат көріністерін ешкімге ұқсамайтын теңеулермен кейіптеуі жазушы қолтаңбасының өзгеден бөлек бір әлем екенін танытқан еді сонда. Барша оқырманның жүрегінен орын алған, қазақ баспасөзіне өлшеусіз еңбек сіңірген қарымды қаламгер, публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жұмабай Шаштайұлы Жаратқанның құзырына қайтты. Қазақ әдебиеті қара жамылды. Қалың қазақтың қабырғасы қайысты. Үлкенге іні, кішіге аға, шәкіртке ұстаз болған ұлт қайраткерін барша қазақ жоқтап жатыр.



ТАМЫРЫҢ – ТЕРЕҢДЕ, ТАҒДЫРЫҢ БИІКТЕ ҚАЛДЫ

МЕНИҢ ЖҰМ-АҒАМ!..

...Теректей басы теңселген, терең бір ойлар еңсерген, Жұм-аға, тамырың – тереңде қалды, тағдырың биікте қалды. Сен сүйген қазақ – сені де сүйеді, Алаштың арлы жыршысы! Көңілімізде көзайым көзің, көгершін сөзің қалды.

Жеті өзеннің тұнығы, Сүйінбай мен Жамбыл елінің ерен туған бір ұлы, Шаштай күйшінің ғұмыры едің.

...Әрісі Мәскеу, Ашхабад, Түркия, Қырғыз, берісі Тараз, Қарағанды, Атырау сияқты сан сапарда өзіңізге үзенті жолдас болды, аға!

Танда естіген хабардан есенгіреп отырмын. Жаз шыға Қырғызға барып, сайрандап қайтуға уадаласып едік қой, Жұм-аға!

Ана бір жылы Түркімен еліне барып, Нұрмұхамед Әндәліптың 350 жылдығына қатысып, шадыман бір сәттерді бастан кешкен едік. Жанарбек Әшімжан ініңіз екеуміздің «Түркімен саздарымыз» сіз басқарған «Қазақ әдебиетінің» айқарма бетіне шыққан.

...*Шабыт құсы қонғандай сірә, маған, «Қош бол» айтып кете алман бұл арадан, — Оразгүл! — деп ой кешті Жанар інім, күбірледі: — Гүлшат! — деп Жұман-ағам. Ақ сайранын сайлаған ата күндер, Алтын қанат нұрынның шапағын бер! Тәтті-тәтті түс көрдім Түркіменде, Мақтымқұлы ақынның мақамын бер!* — деп шабыттансам, Жанарбек інім:

— ...*О, Оразгүл, оғыз қызы, хош-аман, Ақын да бір жел айдаған ошаған. Екі ағамды ап Алматыма қайтайын — Көңілдерін демдеп қойып босаған!* — деп жыр төкті.

— Ақын болу да бакыт қой, әке! — деп Жұм-ағам мәз болған сонда.

...Бір жылы үшеуміз отбасымызбен Ертіс — Баянды аралап, Жасыбайда дем алғанбыз. Сол елдің Мағжан, Сәкендердің көзін көрген, ғасыр жасаған абызы, дос-ініміз Нұрланның әкесі Мұқатай Күлжановтың шаңырағында, жазушы, драматург Думан Рамазан бауырым бар, ел ақсақалдарымен жата-жастана әңгімелескенбіз.

— Мынау менің терім сіңген ішік еді, айналайын, Жамбыл атаңның жасына жет! — деп ырымдап шекпенін ұсынған Мұқатай ақсақал. Жұм-аға қатты толқыды.

— Аға, қалай екен? — деп үнемі сұрап жүретін.

Енді бәрі естелік. Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын, ер Жұм-аға!

Сіз жайлы айтылар сөз аз емес...

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
Мемлекеттік сыйлық иегері

ЕНДІ КІМГЕ ЕРКЕЛЕЙМІЗ?

Осы күні әлеуметтік желі өте жедел. «Жұмабай Шаштайұлы қайтыс болды» деген хабар желдей есіп, жанды жүдетті.

Кісінің есімі аталғанда алғашқы таныстықтан бастап соңғы көрген сәтіне дейін еске түсетін кез болады. «Жұмаған өмірден өтті» дегенде кино лентасы құсап бірқатар сәт сырғып көз алдыма келді.

1. «Лениншіл жас» газетінің редакциясы. Дәл бас редактордың кабинетіне қарсы тұста шағын бөлмеде Жұмабай Шаштайұлы отырады екен. Имене басып кіргенбіз. Журфактын студенті һәм практикант кезім. «Отыр» деп нұсқады. Отырдық. Бірқатар тапсырма берді. Орындауға тырыстық. «Іле десе, Іле еді-ау» деген материалымызды жатып кеп мақтаса болар ма? «Сен көркем дүние жаз!» деді. «Сенде Тәкен Әлімқұловтың стилі бар!...». Осы сөзге талай жылға дейін семіріп жүрдік...

2. Алматы. Жібек жолы 50-гі редакциялар үйі. Лифтіде ұшырасып қалдым. «Аға, қалайсыз? Үй-іші, бала-шаға аман ба?» деп қалбақтап жатырмын. Бірден шытынап сала берді. «Әй, сенің менің бала-шағамда нең бар?». Үні қатты шықты. Үрпийіп жаман болып қалдым. Аптасына бірнеше рет осы лифтіде жолығып қалып жүрдік. Түсі суық. Сөйлемейді. «Не жазып қалдым» деп мен де артық ештеңе жасамадым. Кейін бір-екі айдан кейін «Өке, сен мені кешір. Саған қатты сөздер айттым. Әлі ренжіп жүрсін бе? Жаман ағаңның осындай бар» деп бауырына тартты...

3. «Жас Алаштың» редакциясы. Бас редактормын. Ішкі телефон шырылдады. Жұмабай ағам екен. «Әй, сволыш! Дерееу мына адреске кел!». Басқа ештеңе деген жоқ. Тұтқаны қоя салды. Дауыс ырғағынан әлдебір еркін отырыстын лебін сезгендей болдым. Жұмыстың бәрін жиып қойдым да айтқан жеріне бардым. Екі-үш жігіттің ортасында жайраң қағып отыр екен. «Айттым ғой, мен білетін Нұртөре болса, келеді

деп» қатты марқайды. «Бұл Бердіқұловтың тәрбиесінен өткен жігіт» деп тағы мақтады...

4. Түрлі жиында кездесе қалсақ, «Осы Ұзынағаш деген қай жақта? Кеген жақта ма, жоқ Талдықорған жақта ма?» деймін әдейі. Мәнжайды білмейтіндер «Ұзынағаш Қаскеленнің ар жағында ғой» деп шыр-пыр түсіндіріп жатады. Жұмаған сонда ақырын жымиып күледі. «Сендерді Ұзынағашқа шақырамын, көрсетемін Ұзынағашты» дейтін... Үйде боласындар, дәм татасындар... Түрлі себеппен Ұзынағашқа талай рет бардық. Жұмағанның үйіне барудың бір реті келмеді...

Жұмабай Шаштайұлы — жөн-жосықсыз кеуде кермеген, бәрін қатырамын деп артық уәде бермеген, қашан да қарапайым қалпынан жаңылмаған жақсы кісі еді. Жақсы аға болды. Көңіліміз қалған, қабақ шытысқан сәттер болмаған екен. Інім деп еркелетті. Біз де еркеледік. Енді кімдерге еркелейміз? Еркелейтін ағаларымыз азайып барады. Жұмабай ағамыздың алды жарық, иманы жолдас болғай!

Нұртөре ЖҮСІП,
сенатор

ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ТУ ЕТКЕН АЗАМАТ ЕДІ

Қазақтың көркем әдебиеті мен ұлттық баспасөзінде ерекше орыны бар көрнекті тұлғаларымыздың бірі — Жұмабай Шаштайұлын біз алғаш рет студент кездерімізде таныдық. 90-жылдары Тәуелсіздікті жаңадан алып жатқан кездері біздер ҚазҰУ-дегі журналистика мамандығында оқып жүргенімізде санаулы ғана басылымдар жарық көретін. Сол жылдары Жұмаған «Заман-Қазақстан» деген газеттің бас редакторы болды. Ол басылымның акпарат кеңістігінде орны ерекше еді. Редакция құрамында Таласбек Әсемқұлов, Тұрсынжан Шاپай, Дидар Амантай, Талғат Ешенұлы, Қасым Аманжол, Қанағат Әбілқайыр сынды кілен маркасқалар қызмет етті. Айгүл Кемелбаеваның да шығармалары жиі жарық көріп тұратын.

Сондағы Жұмағанның бас редакторлық қабілетінің мықтылығы — айналасына кілен үздіктерді жинап, сол кездегі әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді жақсы көтере білуінде. Кейіннен ағамызбен жақын танысып, араласудың сәті түсті. Бұл кез 2007 жылы Қазақстан Жазушылар одағының ішінен «Қаламгер медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылып, құрамына «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жұлдыз», «Простор» журналдарын жиған шақ. Осы серіктестің басшылығына сол кездегі Одақ төрағасы Нұрлан Оразалин мені ұсынды. Осы кезде мен Жазушылар одағының айнасы болған «Қазақ әдебиеті» газетінің басшылығына аттай қалап Жұмабай ағаны шақырттым. Содан бастап табаны күректей 10 жыл бойы бірге қызмет еттік. Сол кезде газеттің дәуірлеген шағы болды десем артық айтпаған болар едім. Сонда Жұмабай Шаштайұлы деген тұлғаның қазақ сөз өнеріндегі орынына, әділеттілігіне, ақиқатқа деген ынтызарлығына, көлденең әділетсіздіктерге жаны төзбейтініне, қоғамдық-мәдени ахуалдарға сергек қарайтынына, хан болсын, қара болсын, шенеунік болсын тең дәрежеде сөйлесе алатынына куә болдым. Қазақ қоғамының дамуына жанымен мүдделі болған тұлға екенін анық сезіндім. Үлкен елдік маңызы бар сапарлардан бастап қарапайым халықтың ортасындағы жиындарда да бірге жүріп ағамыздың кісілік болмысына, тұлғалық қасиетіне қанық болдым. Жұмағанның тағы бір қасиеті — көптеген шәкірт тәрбиелеген ұстаздық қабілетінде. «Заман-Қазақстан» газетіндегі бір шоғырдан бөлек, «Қазақ әдебиеті» газетінде де бір буынды қалыптастырды. Журналистикадан бөлек, жазушылық жағынан да көптеген қаламгерге ұстаз болды. Бас редактор көшінде кешегі Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкей, Сейдахмет Бердіқұлов сынды алыптардың заңды жалғасы іспетті еді. Көркем әдебиеттің құны арзандай, баспасөздің сүйкімі қаша бастаған уақытта бұл салалардың қайта түлеуіне бар күш-жігерін жұмсады. Радиода да басшылық қызметте істеген ағамыз қайда жұмыс істесе де манайына нұрын шашып, айналасына мейірімін көрсетіп жүруші еді. Сонымен қатар Жұмағаны кешегі қазақ әдебиетінің алтын дәуірінің іргесін қалаған алыптардың лайықты жалғасы деп айтуымызға болады. Жазу машығы, идеясы жағынан да, көркемдігі жағынан да заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің үлгісіндегі жазушы деуге толық негіз бар. Ол кісінің прозадан бөлек, поэзияны да жан-тәнімен түйсінетін ерен қабілеті бар еді. Дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың поэзиясына жасаған талдауы соның айқын дәлелі. Сондай-ақ Жамбыл Жабаетың шығармашылығына ден қойып, көптеген еңбек жазды. Жүз жасаған бәйтеректің аруағына кейбіреулер «тас атқылап», орынсыз, дәлелсіз ақпараттармен күйе жакқанда да дәлелді ақпараттарымен, пайымды парасатымен қарсы тұрған ағамызды Жамбыл атамыздың жасын көреді деп ойлаушы едім. Бұған себеп, тамақты да талғап татып, дене сымбатына айырықша мән беріп, спортпен айналысатындығы еді. Ал кешегі қаза бәрімізді есенгіретіп кетті. Бұл — қазақ көркем әдебиеті мен ұлт баспасөзіндегі орны толмас қаза. Қазақ әдебиетінің қаймағы болған ағамыз уақыт озған сайын биіктей берері сөзсіз.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты

ӘЙДОС

Жұмабай аға Шаштайұлы, әлбетте, көрнекті жазушы, рухани ракурсты анық ұстай алған редактор, ұстаздық, әкелік биігіне көтеріле алған адам, ізгі адам, әділетті, шапқатты, шарапатты кісі. Енді ойласам, біз (көрген жас) Шаштайұлын қаламгер, редактор, ұстаздығынан бұрын идея ретінде көбірек қабылдаппыз, сіңіріппіз. Ол әдебиеттегі, өмірдегі адалдық, тазалық, өз қатесін мойындаудан қорықпау, фальшсыз ойлану, жазу идеясы еді.

Яғни, Шаштайұлы әдебиет пен журналистикадағы бірнеше буын жасты біріктіруші фактор бола алды. Бірнеше буын жастарының ойы мен ұстанымы бір-біріне неше жерден қарама-қарсы, қайшылықты болса да Шаштайұлы тақырыбында тоқайласа алатынбыз. Шаштайұлы тақырыбында әркім-ақ пафоссыз, жасырын ойсыз, жұмбақ-түспалсыз шынайы, шешіліп сөйлейтін.

Кейде, тіпті Шаштайұлы туралы ойы мен пікірі қайсыбір жасты бағалау критерийіне де айналып кететін. Жақсы пікір айтқанын жақын тұтып тұрар едік. Бізде бір ортақ құндылық бардай құныға сөйлесер едік. Шаштайұлына қандай да бір қатысы бар жастар бір мектептің түлегіндей бір-бірімен иықтаса, ымыраласа, ұжымдаса жүретін. Осындай бір қызық феномен бар еді.

Ағалар асығыс аттанып жатыр. Бүгін Жұмабай ағаның да жамбасы жерге тиді. Бірақ ол... жеңілген жоқ.

Ерлан ЖҮНІС,
ақын, «Ана тілі» газетінің бас редакторы

ІСТІ ҰЙЫМНАН ІРГЕНІ АУЛАҚ САЛСА ИГІ...

Быттыр Жамбыл облысы Байзақ ауданында мектеп оқушыларының жаппай астан улануы жұрттың жағасын ұстатқан еді. Н.Киікбаев атындағы мектептің 44 оқушысы мен екі мұғалімі улану белгілерімен ауруханаға түсіп, бүкіл облыстың атқамінерлері аяғынан тік тұрған болатын. Емханаға аймақ басшысы Ербол Қарашөкеевтің өзі барып, арнайы құрылған комиссия да жұмысын бастаған. Ал құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғап, күдіктілерді тергеуге алған. Осы оқиғадан кейін білім саласына жауаптылар етек-жеңін жинап, бір сабасына түседі деп күткенбіз. Алайда күні кеше оқушылар жаппай уланған мектептің директоры қылмыстық іс бойынша тергеліп жатқан жеке кәсіпкермен қайта келісімшартқа отырыпты.

Жалпы, Байзақ ауданындағы оқиғаға қайта бір оралсақ, быттырғы 7 қараша күні 33 оқушы мен екі ұстаз орталық ауруханаға улану белгілерімен түседі. Оларға «тамактан улану, жіті ішек инфекциялары» деген диагноз қойылады. Сол күні мобильді бригадалар ұйымдастырылып, дәрігерлер мен учаскелік медбикелер үй-үйді аралап, аталған мектепте оқитын оқушылардың барлығын тексеріп шығады. Нәтижесінде, үй жағдайында тексерілген 350 баланың 11-нен тамактан улану белгілері анықталып, оларда амбулаториялық емге жатқызылады. Осылайша, астан уланған оқушылардың саны 44 балаға жетеді.

Білім саласына жетекшілік ететін Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Талғат Жама-



екен. Оған қоса, өзге мектеп директорлары ұстаздар балаларға арналған тамақты ішпейтінін айтады. Оларға ондай мүмкіндік қарастырылмаған. Сондықтан мұғалімдердің улануы тіптен түсініксіз. Десе де, директорлардың бірі балалар сол күні мектепке асты сырттан әкелуі мүмкін деген болжамды алға тартады. Оқушылардың бірінің туған күні болып, қуаныш иесі пицца, торт сияқты тәтті тағамдар әкеліп, сыныпта отырыс ұйымдастыруы мүмкін көрінеді. Міне, сол астан мұғалімдерде ауыз тиіп, оқушылармен бірге улануы ғажап емес. Бұл өзiрге санаға сыятын әрі шындыққа жанасатын болжам болып тұр. Алайда бұны құзырлы органдар не растаған жоқ, не жоққа шығармады. Тек ҚР ҚК 304-бабы, 1-бөлігі («Адамдардың жаппай ауруға шалдығуына немесе улануына әкеліп соққан санитарлық ережелерді немесе гигиеналық нормативтерді бұзу») бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары

Жауапкершілік демекші, Н.Киікбаев атындағы мектеп-гимназиясының директоры Гулбахрам Ермекова аудандық мәслихат депутаты ретінде дәл осы балаларды ыстық тамақпен қамту мәселесін қарайтын комиссияға жетекшілік етеді екен. Алайда өзгені жарылқайды деген халық қалаулысы өзі басқаратын мектепте балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмай еріксіз бас шайқатуда. Егер мектеп директоры аудандық мәслихаттың депутаты ретінде ыстық тамақ мәселесін тікелей өзі қарап отырса, «Токсейітовке» де ешкімнің тісі батпай отырғаны содан ба деген де ой келеді. Енді оны құзырлы органдар анықтай жатар. Бірақ Байзақтағы оқиғадан кейін не аудандық білім бөлімі басшысының, не мектеп директорының қылы қисаймағаны таңғалдырады. Есесіне елді шулатқан оқушылардың жаппай улану фактісінен кейін облыстық Білім басқармасының басшысы Мейірхан Азатұлы былғары орындығын босатты. Оның артынан өзге де басшылар қызметінен кете ме, әлде жоқ па — өзiрге белгісіз. Алайда бір анығы, қылмыстық іс бойынша тергеліп жатқан жеке кәсіпкермен қайта келісімшарт жасасу ешбір санаға сыймайды.

Бұл жағдайға байланысты облыстық Білім басқармасына сауал жолдағанымызда олардан екiшiтi жауап келді.

«Байзақ ауданындағы жағдайға байланысты облыстық Білім басқармасы тарапынан 5 жұмыс тобы құрылып, 37 мектеп тексерістен өтті. Нәтижесінде, 20 мектептің директоры мен аудандық білім бөлімінің мамандары тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Ал балалардың улануына тікелей күдікті ретінде танылған өзге азаматтарға қатысты Байзақ аудандық прокуратурасы тергеу жұмыстарын жалғастыруда. Осы ретте министрлік бекіткен ережеге сай әрі балаларды ыстық тамақпен қамтуды үзбеу мақсатында «Токсейітов» жеке кәсіпкерімен келісімшарт уақыты ұзартылды. Сот шешімі шыққанға дейін аталған серіктестік мектепті тамақпен қамтамасыз ететін болады», — дейді облыстық Білім басқармасының мамандары.

Иә, білім саласына жауаптылар осылайша «қасқырға қайта қой баққызып» отыр. Енді оның арты не боларын уақыт көрсетеді. Әйтеуір, мектеп оқушылары асхана мәзірінен тағы уланып, бармақ тістеп жүрмесек болғаны.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

БАЛҚАШ ТУРИЗМДІ ДАМЫТАДЫ

Биыл еліміздегі басым туристік бағыттардың тізімі 10-нан 20-ға дейін көбейтілді. Солардың бірі — Балқаш.

Балқашта биыл туристер үшін 219 жайлы бөлмеге шаққанда жеті жаңа демалыс аймағы салынады. Қалалық жағажайдың жағалау аймағын қайта жаңарту жалғасады.

Туристік әлеуетті дамыту — Балқаштағы негізгі бағыттардың бірі. Быттыр қала аумағына Ақтоғай ауданының бір бөлігі — Шұбартөбек және Торанғалық кенттері қосылды, олардың жалпы ауданы — 8 744 гектар. Қолайлы инфрақұрылым құру үшін Торанғалық және Шұбартөбекте су құбыры желілері құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Жұмыстар республикалық бюджеттен қаржыландыру бөлінгеннен кейін басталады.

— Бізде жыл бойы 393 бөлме қоры бар 20 қонақүй және 1412 нөмірлі 54 демалыс аймағы жұмыс істейді. Биыл жеке инвесторлардың қаражаты есебінен жеті демалыс аймағын пайдалануға беру жоспарланған. 219 бөлме немесе 476 төсек-орын құрылады. Жағалауды ұтымды пайдалану үшін жер учаскелеріне түгендеу жүргізілді. 120 гектар бос жер учаскелері анықталды. Биыл бұл учаскелер аукцион арқылы бөлінді. Быттыр алғаш рет өткізген «БалқашTourfest» фестивалі де дәстүрге айналады, — дейді Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев.

Демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін быттыр Шұбартөбек кентінде полиция және төтенше жағдай бекеттерін орналастыруға арналған модульдік үй-жай орнатылған. Биыл



бейнебақылау жүйесі орнатылған мұндай үй-жайлар Торанғалық пен Бертiс шығанағында пайда болады.

Сумен және жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту — Балқаштағы тағы бір басым бағыт. Бүгінде қаланың кейбір учаскелерінде коммуналдық желілердің 75-80 пайызы тозған. Бұл мәселені шешу үшін 124 шақырым су құбырларын ауыстыру қажет.

Туристер тек көлге келіп, суға түсіп кете салмай, Балқаш қаласының да қонағы болары сөзсіз. Ол үшін шаһарда да тазалық пен меймандарды күтіп алатын ыңғайлы жағдай жасалуы керек.

— Бізде Балқаштағы екінші және үшінші кезектегі су құбыры желілері қайта жаңартылуда. «Қонырат» шағынауданында қазіргі өзінде жүз пайыз және қалада магистралды желілердің 30 пайызы ауыстырылды. Жүргізілген жұмыстар электр энергиясын үнемдейді және ұнғымалардың жұмысын реттейді. Быттыр 14 ұнғыма жұмыс істесе, қазір олардың сегізін ғана жұмыс істеуде. Биыл тағы 13 шақырым магистралды желіні ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Қаланы жылумен жабдықтау бойынша ЖЭО-дан қалаға дейінгі 4,5 шақырым магистралды құбырларды ауыстыруды жоспарлап отырмыз, қосымша 18 шақырымы ауыстырылады, жылыту маусымынан кейін сығымдау жүргіземіз және ақаулы жерлерді анықтаймыз. Олар бақылауға алыншады, — дейді Сапар Сатаев.

Сондай-ақ қалада 900 орындық жайлы мектептің құрылысы жалғасуда. Биыл ангар үлгісіндегі спорт залы салынып, желкенді спортты дамыту үшін екі үй-жай жабдыкталып, жеті спорт алаңы қайта жаңартылуға тиіс.

Туризм секторындағы шағын және орта бизнесті дамыту өңір экономикасын арттыруға ықпал етеді және 2025 жылға қарай туристік ағын кемінде 4 есе өседі деген болжам бар.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

лов аталған мектепті ыстық тамақпен қамтамасыз ететін «Токсейітов» жеке кәсіпкері аудандағы тағы 12 мектепке қызмет көрсетінін айтқан. Алайда балалардың өзін жайсыз сезінуі тек осы мектепте болған. Сондай-ақ сол күні мектеп асханасынан 463 бала тамактанған болса, соның 44-нен ғана улану белгілері анықталып отыр.

Негізі, Байзақтағы оқушылардың улануына байланысты түрлі болжам айтылды. Әсіресе, тамактанған 463 баланың тек 44-і ғана өзін жайсыз сезінуі көптің көкейіне күдік пен сұрақ ұялатты. Желіде желдей ескен болжамның бірі — «мектеп оқушылары асхана асынан уланбаған» деген болды. Осы салада жүрген мамандардың айтуынша, егер астан улану болса, сол күні тамактанған барлық баладан белгілері байқалуы керек

басталғанын хабардар етті. Қазір тергеу амалдары жалғасуда. Ал күдікті ретінде тергеліп жатқан жеке кәсіпкермен мектеп байланысын үзіп, өзара әріптестіктерін тоқтатқанын айтқан болатын. Алайда күні кеше Н.Киікбаев атындағы мектептің басшылығы «Токсейітов» жеке кәсіпкерлігімен 76 миллион теңгеге қайта келісімшарт жасағаны туралы ақпарат тарап, сананы сан саққа жүгіртті. Сонда оқушылардың улануына тікелей күдікті ретінде тергеліп жатқан кәсіпкермен мектеп директоры қалай келісімшарт жасасып отыр? Әлде бүкіл облыста мектепке ас жеткізетін басқа серіктестік жоқ па? Ертен «Токсейітовтің» тамағынан балалар қайта уланып жатса елге не бетімізді айтамыз? Жауапкершілікті кім мойнына алады?

Ашық тендер амалымен «Вахталық кенттердің асханасында тамактандыруды ұйымдастыру, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС өндірістік объектілерінің және оларға іргелес орналасқан жер учаскелерінің аумақтарындағы әкімшілік, тұрғын, қойма, өту орындары, технологиялық және өзге үй-жайлардың жабдығына, инженерлік желілеріне техникалық және сервис қызметтерін көрсету» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Вахталық кенттердің асханасында тамактандыруды ұйымдастыру, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС өндірістік объектілерінің және оларға іргелес орналасқан жер учаскелерінің аумақтарындағы әкімшілік, тұрғын, қойма, өту орындары, технологиялық және өзге үй-жайлардың жабдығына, инженерлік желілеріне техникалық және сервис қызметтерін көрсету» қызметін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 14; 2024 жылға жалпы сомасы 3 257 912 330,66 теңге, ҚҚС-сыз; 2025 жылға жалпы сомасы 4 457 472 801,80 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген. Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде

Объявление о проведении закупки услуг «Организация питания в столовой вахтовых поселков, техническое и сервисное обслуживание оборудования, инженерных сетей административных, жилых, складских, проходных, технологических и иных помещений на территориях производственных объектов и прилегающих к ним земельных участках ТОО «Азиатский Газопровод» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Организация питания в столовой вахтовых поселков, техническое и сервисное обслуживание оборудования, инженерных сетей административных, жилых, складских, проходных, технологических и иных помещений на территориях производственных объектов и прилегающих к ним земельных участках ТОО «Азиатский Газопровод». (Количество лотов — 14; общая сумма на 2024 год — 3 257 912 330,66 тенге без учета НДС; общая сумма на 2025 год — 4 457 472 801,80 тенге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604. Для получения копии тендерной доку-

ментации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 29 марта 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 29 марта 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Ашық тендер амалымен «Нысандарды күзету» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Нысандарды күзету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 3; 2024 жылға жалпы сомасы 1 348 130 784,00 теңге, ҚҚС-сыз; 2025 жылға жалпы сомасы 1 869 859 580,40 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 29 наурызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 29 наурызда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении закупки услуг «Охрана объектов» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Охрана объектов». (Количество лотов — 3; общая сумма на 2024 год — 1 348 130 784,00 тенге без учета НДС; общая сумма на 2025 год — 1 869 859 580,40 тенге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 29 марта 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 29 марта 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.



kartinkof.club

Көрісуде көп мән бар

14 наурызда «Көрісу» деп аталатын ерекше маңызға ие мейрам басталады. Алыс пен жақында байланыстыратын бұл мереке, әсіресе өліміздің батыс өңірлерінде жақсы сақталған. Жалпы, Көрісу мерекесінің мәні неде, оны ата-бабаларымыздың әлім-сақтан ұлықтауына не себеп – үңіліп көрелік.

ҒҰНДАРДАН БАСТАЛҒАН ҮРДІС

Этнограф-ғалымдар, тарихшылардың пайымдауынша, еліміздің батыс өңірлерінде кенінен сақталған Көрісу мерекесінің мәні тереңде жатыр. Табиғатпен етене араласып, өмір бойы Жер-анамен біте қайнасып өткен көшпелі қазақтар Наурыздың ерекшелігін жете түйсінген.

Белгілі ғалым, тарихшы Тұрсын Жұртбайдың айтуынша, Көрісу мейрамы кезінде көрісуге дейін соққан жел мен аяздың лебі басылады, жерден көктің кермет иісі шығып, ызғар жердің бетіне шығады.

— Көне Қытай жазбаларындағы көшпенділерге қатысты деректерде «...олар Наурызда жиналады. Үлкен той жасайды, бір-бірінің аمانдығын сұраса келген ел көрісіп, ата-баба әруағына бағыштап ас береді» деп жазылған. «Ескі айда есірке, жана жылда жарылқа!», «Ұлы оң болсын, ақ мол болсын!» деп көшпенділер қыстың қиыншылығынан аман өткеніне қуаныпты. Біздің дәуірімізге дейінгі көшпенділердің көрісу мерекесі Батыс өңірінде жақсы сақталып қалуының себебі — Батыстың империя астанасы болуында. Көрісу — ғұндардан басталып, түркі, Алтын Орда дәуірі арқылы бүгінгі күнге жеткен ең ұлық мереке, — дейді ғалым.

КӨРІСУДІ КӨРШІ ЕЛДЕР ДЕ АТАП ӨТЕДІ

Бір қызығы, Көрісу мерекесі қазірдің өзінде еліміздің батыс өңірлерімен бірге, көршілес Ресей елінің Астрахань, Самара, Волгоград және Саратов облыстары, Қарақалпақ Республикасы мен Өзбекстан елі де ерекше ықыласпен атап өтеді. Атыраулық өлкетанушы ғалым Өтепбергін Әлімгереев көрісудің тарихы тереңде жатқанын айтады.

— Абайдың «...күлімдесіп, көрісіп, мауқын басып, қырдағы ел ойдағы елмен араласып» деп келетін жолдарынан сол заманда-ақ көрісу дәстүрі қанатын кең жайған мереке болғандығын көреміз. Тіпті, парсы математигі, астроном, ақын, философ Омар Хайямның «Наурызнаме-



фото: Виктория И. Нурбай



Көрісу мерекесі қазірдің өзінде еліміздің батыс өңірлерімен бірге, көршілес Ресей елінің Астрахань, Самара, Волгоград және Саратов облыстары, Қарақалпақ Республикасы мен Өзбекстан елі де ерекше ықыласпен атап өтеді.



сінде» Жана жыл наурыздың 14-інен басталатындығы айтылады. Ескерерлігі, Омар Хайям — өз заманында дүниежүзі мойындаған күнтізбе жасаған ғалым. Оның күнтізбесі аса дәлдігімен әрі күн қозғалысына негізделуімен ерекшеленеді. Мұның өзі Көрісу мерекесінің тамыры әріде жатқанын дәлелдейді, — дейді өлкетанушы ғалым.

АСТРОНОМИЯЛЫҚ СИПАТЫ ДА БАР

Зерттеушілердің айтуынша, ең алдымен, біз Көрісу мерекесінің астрономиялық сипатына назар аударуымыз керек.

— Наурыздың 13-інен 14-іне ауғанда, күн мен амал жұлдыздары бір-біріне беттеседі. Осыны ежелгі астрономдарымыз, жұлдызшыларымыз байқаған. Сөйтіп, күн мен амал жұлдызының беттесуін,

яғни қауышуын көрісу сәлеміне айналдырып жіберген. Осы бір ерекше астрономиялық құбылыс кезінде, жұлдыз тоқсан күндік қысты ығыстырып шығарып, көктем келеді. Мұны ортаазиялық астрономдар жақсы білген. Тарихи жазбаларда Хорезм, Отырар сынды көне қалаларда аспандағы жағдайды зерттеумен айналысқан жұлдызшы ғалымдардың осы жаңалықты ғылыми тұрғыда дәлелдегені, әлемге әйгілегені айтылады. Тіпті, атышулы Рим империясы бір кездері наурызды жыл басы ретінде күнтізбеге енгізген, — дейді мәдениеттанушы, этнолог Серік Ерғали.

ОТЫРАДА ОБСЕРВАТОРИЯ ДА БОЛҒАН

Ғалымның айтуынша, кезінде Самар-қанда, Қызылорда бойындағы ескі қалаларда, ежелгі Отырардың маңында ежелгі абыздар жұмыс істеген. Тіпті, обсерватория болған.

— Сол обсерваторияда ғалымдар күн мен түннің тенелуін алдын ала бақылап отырған. Қыс кетіп, көктемнің шығуын абыздар күннің топты шоқ жұлдызына енуіне байланысты біліп отырған. Ал «Самарқанның көк тасы» деген ұғымға келер болсақ, негізі ол ешқандай тас емес, аспаннан да түспеген. Ол — ежелгі ғалымдардың белгілі бір мұзды тас етіп қатырып, соның жібуіне байланысты тәжірибелерінен қалған ұғым. Яғни, тас көктем келген кезде жібі бастаған. Демек, «Самарқанның көк тасы» — амалжұлдызы мен күннің беттесе бастауын білу үшін



БЕРЕКЕ ТАСЫҒАНДА БЕС ҚОЗЫ ТУАДЫ

«Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген қазақ тірлігіне тіреу болған түліктердің тілін білмегенмен, жағдайын тап басып, қажетті күтімін жасап, жан таппайтынын жақсы білеміз. Алайда бәрін білеміз деу қателік екен. Бұған дейін қойдың егіздеткеніне жиі куә болғанымызбен, бірден бес қозы туғаны жайлы көрмеппіз де, білмеппіз де. Ешкінің үшемдетіп, төртөмдетіп жататынын жұрт айтатын. Енді, міне, көксулық шаруа Ерлан Әлімбаевтың қойлары бірден бесеуден қозылайтынын көріп, таңданып отырмыз. Жағымды жаңалық иесі төтенше тәсіл қолданбай, малын қолдан ұрықтандырмай-ақ табиғи жағдайда бір саулықтан бес төл алған екен.

Көрікті Көксу ауданындағы Ақтекше елді мекенінің аумағында малшы ауылдағы төрт түлікті өрістетіп, бала-шағасының нәпакасына ийіріп отырған Ерлан Әлімбаев — осы Ақтекшенің тумасы. Ел тәуелсіздік алған кезеңдерде өзіне тиесілі жерді еншілеп, қолындағы азын-аулақ малдың қамымен атакәсіпті таңдапты. Одан бері де талай жыл артта қалды. Қиындықта болды, табысты кездер де кезектесіп келетін. Ештеңеге мойынған жоқ. Ақыры, атакәсіптің арқасында елден қалмайтын деңгейге жетті. Әкесі Болатбек ақсақал да дала тәсіне төрт түлік өргізген қойшы болған. Сол жолды жаңғыртқан Ерекен бүгінде сиыры мен жылқысы, қойы мен ешкісі бар біраз малды бағып-қағып, әулетінің игілігіне жаратып отыр. Биыл бір қойы бірден бес қозы тапқан. Оның айтуынша, былтыр бағымындағы қойларының біразы үшемдетіпті.

— Осыдан бірнеше жыл бұрын қолдағы қой басын бес жүзге жеткізген-біз. Балалар ер жетіп қалды, алды жан-жаққа кетті. Мектепте оқитындары бар. Қолымыз қысқарып қалған соң, қыруар қойдың бәрін бағуға әйелім екеуміздің шамамыз келмей, уақ малдың санын біршама азайттық. Тұқымды асылдан-дыру үшін қазіргі кезде шопандардың

көбінің таңдауына ие болған гиссар тұқымын өсіруге көштік. Етті тұқым ғой. Басқаларға қарағанда табысты болады екен. Былтыр бес саулығым үш қозыдан туған-ды. Өткен жылға өкпе жоқ. Берекелі болды. Енді, міне, ақ саулық бес қозы туды. Демек, биыл құтты жыл болмақ, — дейді Ерекен ағынан жарылып.

Отағасы өмірлік қосағы Гүлнұрмен бірге бес бала тәрбиелеп отыр. Үлкен екеуі Алматыға оқуға түскен. Қалғандары Ақтекше ауылында мектепте оқиды. Тек демалыс күндері ғана осында келеді екен. Қазір төрт түлік асыраудың оңай емесін елдің бәрі біледі. Қойшылар қасына көмекшілікке адам таппайтыны да жасырын емес. Елді мекеннің манайы тұтас егістік болған соң, тау бөктерін сағалап, мал бағу тым қиын. Бірақ бейнеттеніп, өсіріп жатқан төрт түлігі осылай төлеп, отбасының ырысын тасытып жатқанын айтқан азаматтың ертеңгі күнге деген сенімі көміл. Қолдан ұрықтандыру тәсілін қолдануды қойлай көрмейтін шопан «Құдай құттыңды тасытамын десе, осылай жарылқайды», — деп қояды.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ БАСТАЛДЫ

Биылдан бастап 14-23 наурыз аралығында халықтық мерекені тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі жарияланды. Жалпы республика бойынша 400-ге жуық іс-шара жоспарланып отыр. Мерекелік онкүндік Көрісу күнінен басталады.

Бұл онкүндік төл мерекемізді тойлаудың жана дәстүрлерін қалыптастыруға, ең жақсы адами қасиеттерді — ашықтықты, шынайылықты, жауаптылықты, қайырымдылықты ашуға бағытталған. Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналып, терең мазмұн-мәнге ие болды.

14 наурыздан бастап «Наурыз-базарлық» маусымы жарияланады, оның барысында жаппай сатылымдар мен жеңілдіктер қарастырылмақ. Мереке күндері тұрғындар туыс-туғандарын аралап, студенттер мерекені өз жақындарымен бірге қарсы алу үшін ауылдарына барып, жақын-жұрағат қарашаңырақта бас қосады. Көрісу күнінде жасы үлкендерге арнайы сәлем беріп, құрмет көрсету, қонақ күту, мейраммен құттықтап, ізгі тілек жаудыру салты қалыптасқан. Амал мерекесінің мәні Наурызбен біте қайнасқан, себебі ол — Наурыздың алғашқы хабаршысы.

Дәстүрлі түрде Қазақстанның батыс өңірлерінде жана жылдың басы ретінде атап өтетін Амал мерекесі — қуаныш

пен шаттық мейрамы ғана емес, өмірді жаңадан бастауға, өткенді кешіріп, болашақты таза жүреппен қарсы алуға мүмкіндік беретін кезең. Бұл күн барлық реніштерді ұмытып, айналамыздағы адамдарға шынайы мейірімділік көрсетуге шақырады. Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Амал мерекесі біздің ұлттық бауырмалдығымыз бен мейірімділігіміздің көрінісі екенін айтып жүр. Аталған дәстүр кешірім мен өзара құрмет арқылы халықтың бірлігін, азаматтардың бір-біріне жақындығын, ортақ мақсат жолында бірігуін білдіреді.

Сондықтан Көрісу күнінің әрбір сәті шаттық пен қуанышқа, мейірім мен жанашырлыққа толы болары сөзсіз. Бұл дәстүр ел жанаруының жаршысы ретінде табалдырықтан аттағалы тұрған ұлу жылын зор үмітпен және нық сеніммен бастауға жақсы себеп болады.

С. БЕГІМБАЕВА



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІАЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАЛАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Көсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМЕ:
8(711) 884-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4423
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,